

**ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІНДЕ КҮН КЕШКЕН - СҰЛТАНМАХМҰТ
ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ****Диана Абдусаттар қызы Абдумуминова**

Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Гуманитар пәндер факультеті Қазақ тілі және әдебиеті бағытының II курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6606999>

Аннотация. Үлгілі тұлғаның тағдыры жайлы деректерді оқи отырып, ұлт жанашырлары өз өмірлерін біздің жарқын болашағымыз үшін қиып бергенін білгеніміз ана тіліміз бен әдебиетімізге деген махаббатымызды одан әрі жоғарлатпаса төмендетпеуі айдан анық.

Кілтті сөздер: кекті жүрек ақын, ұлт жанашыры, замана шындық жырлаушысы, өмірін өнеріне ұштастырған талантты ақын, қысқы ғұмырлы қазақтың сөнбес жарық жұлдызы.

ЖИЗНЬ СУЛТАНМАХМУТА ТОРАЙГЫРОВА БЫЛА ТРАГЕДИЕЙ

Объявление. Читая факты о судьбе примерного человека, становится ясно, что наша любовь к родному языку и литературе не уменьшится, если мы будем знать, что патриоты нации отдали свои жизни за наше светлое будущее.

Ключевые слова: поэт с мстительным сердцем, патриот, певец современной правды, талантливый поэт, совместивший жизнь с искусством, неугасимая звезда казахской зимы.

THE LIFE OF SULTANMAKHMUT TORAIGYROV WAS A TRAGEDY

Abstract. Compassionate people, reading information about the fate of an exemplary person if we know that he gave his life for our bright future, it will not increase our love for our native language and literature.

Keywords: poet of revenge, compassion of the nation, modern truth Singer, a talented poet who combined his life with art, short-lived the inextinguishable light star of the Kazakhs.

“...Сұлтанмахмұт жас ақындардың, ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер, білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық заиын шегіп жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайраттың, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді...”

КІРІСПЕ

Қазақтың ағартушы-демократтық, кекті жүрек ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Жазушының жазған романдары, өлеңдері, жалпы ой-толғамы - замана шындығын жырланып өскелең ұрпаққа өсеіет етіп, үлгі етіп қалдырылғандағы басты мақсаты ол – өз ұлтының ұрпағы үшін алаңдап, болшағының қамын ойлап, өрге сүйреп жарқын келешекті көрсетуге ұмтылды. Сұлтанмахмұт Торайғыров – билеуші болыстарды балағаттаумен шектелмей, оқу-білімге шақырып, сауатты болуға үндеді бүкіл ұлтқа ой қозғап, елінің ынтымағы мен бірлігін аңсай отырып өз шығармалары арқылы ұрандатып отырды. Осы орайда белгілі қаламгер Мұзаффар Әлімбаевтың мына бір айтқан сөздері еске түседі:

“Қыршын классик қысқа ғұмыр кешкенімен, қазақ қаламгерлерінің келер буындарына ұстаз, мәңгілік ұстаз болып қала бермек”Өзекті ойлары, көкейкесті пікірлері, ұрапайым халықты күндіктен алып шығу жолында барын сала білген қазақ елінің бір туар азаматы болып ел есінде бүгінгі күнге дейін есімі жаңғырып жүр. Осылайша, Сұлтанмахмұт Торайғыров әлемі арқылы қазақ елі әдеби өрісі, ақындық өнері, ой-толғауы жаңаша бір сатыға қадам басты. Қаншама жылдарлан соң арайлап атқан Торайғыров таңы ақындық жолын өзгеше зерттеуге, ерекше көзқараспен көруге мүмкіндік берді. Өйткені, Сұлтанмахмұтқа кезінде түрліше жала мен айыптар тағылуының салдарынан тек бір жақатама танып, толыққанды зерттеуге мұрша болмады. Кейбір туындылары тіпті еріксіз елеумеге дейін жеткен болатын. Дегенмен, ақынның жырлары бізге дейін жетіп, талай жастардың жүрегінен жай тауып шығармалары өз белестерін бағындырып жүрген жайы бар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1 Тағдыр тәлкегінде күн кешкен –Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір жолы

Елде Шоқпыт атанған әкесі Әубәкір ертеректен жұрттан көшіп, жездесі Әнәфияны сағалап Көкшетау өңірі Шапан Шаншар ауылына барғанда “одан пәлендей жақсылық көре алмайды”. Әубәкір Әнифияның жылқысын бағып, меңреуді қыстайтын Оспан ауылында тұрып жатты. Ол көбінесе қоңсы Жадайдың үйінде жатып ұлы Бәкенмен достасып оның қарындасы Зүлпен мен танысады. Екі жақ құдалық ырымын жасайды. Сұлтанмахмұт туғаннан кейін екі жылдан соң, Бәшен Байқоңырды көтереді. Алайда, төрт айдан соң жиырма жеті жасында қайтыс болады. Екі баланы әжелері мұнтаздай тәрбиелейді. Шоқпыт 1896-1897 жылдар шамасында ата қонысы Баянауылға көшіп келіп, атасының атындағы Торайғыр бидың таяу жерге қыстау салады. Бейбіш Сұлтанмахмұтты да одан кейінгі екінші ұлы Бәшенді де тәрбиелеп, оқытуға мән берген әкесі себеп көп молданы алдын көру мүмкіндігіне жетеді. Өте талантты болып өседі. Молдалардың ішінде Әлі молда, Тортай молда, күйеу Мағзұн секілді үйретушілердің артында біраз оқуға бет бұрады. Бірақ зерттеушілердің айтуына қарағанда, Сұлтанмахмұттың өмірінде ізін қалдырған екі ұстазы бар ол – Мұқан молда мен Нұрғали молда. Мұқан молда басқалар сияқты “өлең жазба жынданып кетесін, шайтан болып кетесін деген сөзге қарамай, шабытың келіп тұрса, өлеңге икемің келіп тұрса жаз батамды бердім жаз дейді”. Сонымен оның “Секілді өмір қысқа жары тұтам” дейтін 1907 жылы алғашқы өлеңі дүниеге келген.

ТАЛҚЫЛАУ

Сөйтіп, орысша оқуға қаражат жинаймын деген ол Сұлтанмахмұт Троицк маңындағы ауылдарға бала оқытуға шығады. Күзге салым, қайтып оралады. Шалқыған шабыт, өрікпеген сезім көп ұзамай су сепкендей басылады. Бала кезіндегі өкпе ауруы біліне бастайды. Мұнымен қоса, көз ауруына да шалдығады. Дәрігерлер оқуға үзілді-кесілді тиым салады. Оның ендігі ойы қаладағы “Айқап” журналының редакциясына орналасу еді. Ол кездерде Сұлтанмахмұттың ақындық таланты айналаға мәлім болып қалған. “Айқап”, “Қазақ” газеттерінде де біраз өлеңдері жарияланып қалды. Осы уақытта кейбір себептермен Мұхаммеджан Сералин Сұлтанмахмұтты хатшылыққа қызметке алады. Сонда қызмет істеп жүріп “Қазақ”, “Айқап” газетінің арасында кейбір мәселелер төңірегінде келіспеушіліктер болады дағы, сол айтыс-тартыстың бел ортасында Сұлтанмахмұт жүреді. Торайғыровтың қазаққа айтылып жатқан сындарға көңілі

толмайтыны көрініп қалады. Ол кезде жазылып отырған мақаланың бәрі мінсіз деп айтуға келмейді, әрине. Және де сол айтыс-тартыстағы атылып шыққан сөздерден ағаттық кетіп жатқан сәтте Сұлтанмахмұттың шамына қатты тиіп жатады. Ал оның куәсі болып отырған Мұхаммеджан Сералин сол кезде Сұлтанмахмұтты жұмыстан шығарады екен. Сөзімізге дәлел ретінде, кезінде өзінің күнделігіне жазып отырған да дәл осы жағдайға жақын жайтты жазып өткен болатын

Сөйтіп жүріп, осы үшін Троицк маңындағы қазақ ауылдарна барып бір жаз емделіп қайтады да, күзде келіп “Айқап” редакциясына қайта жұмысқа тұрады. Бірақ көп қызмет жасай алмай, редакциядан қайта шығып кетеді. Баянауылға келіп сонда “Шоң” серіктігі дейтін ұйым ашадв. “Шоң серіктігіні ұйымын ашудағы мақсаты оның жас, оқуға таланттылар болса оларға көмек көрсету, оларға қаражат жинап беру, екінші ақын-жазушылар болса олардың оқуына мүмкіндік туғызу сондай-ақ кітапханалар ашу, кітап жинап халықтың сауатын ашу мәселелерін алға қойған. Бірақ осы мәселелерден ештеңе шықпай әрі оқын деп үлкен қалалық жер Семейге келеді. Семей қаласында алғашқысында оның мынау Нәзипа әженің Нұрғали Қожановтар Семей семинариясында оқытушы болып жүрген адамдар Сұлтанмахмұтты семинарияға түсірейік десе білімі жетпейді, жасы ол кезде жиырмаға таяп қалған он тоғызда болатын. Содан ол намыстанып не істерін білмей жүрген кезде, Шыңғстайдан Қаратай елінің атақты болысы Ережеп Әбдікәрімов Семейге келіп біздің “елге жүр, бала оқыт”-деп өзімен бірге алып кетеді. Міне осы, Әбдікәрімұлы Ережептің ауылында ол өзінің қызына да жолыққан, өзінің талай шығармаларын да шығарған, бала да оқытып үлгерген жағдайы бар.

Бағиласыз өмір Сұлтанмахмұтқа өмір болмай қалады. Міне, осы кезеңде ол не істейді? Ол Қатонқарағайды тастайды да, Зайсанға келеді. Зайсан да қалалы жер, ақыры қалалы жер қиын болғандықтан тағы қаражатқа тіреледі. Жағдайы нашар болғанын амал жоқ, Тарбағатайдың теріс аяғы жағына кетіп қалады, бала оқыту және күн көрісіне тұрарлық жер болғаны үшін. Онда бас сұғалап барып, танысып көздеп жүрген жері өзімен бірге оқыған Қыдыр молда атты жолдасымен кезігеді. Сонымен бірге барып бала оқытып жүреді. 1916 жылдың кезі ұлт-азаттық көтерілісі бастау алып, тағы да қоныс аударуға мәжбүр болады да Томск қаласына келеді. Ол қалаға барудағы басты мақсаты асқынып бара жатқан дерті үшін ем іздеп бара жатқан кезі болатын. Әрі оның асыл арманы оқуға түсуді де жоспарлап барады. Үміт етіп, көмек сұрап барған адамы ол алаш қайраткері – Әлімхан Ермек болып шығады. Ол Сұлтанмахмұтты қаланың дәрігерлеріне алып барып әрі оқуына көмектеседі. Күрмеуге келмейтін қысқа өмірінде, орысша оқуы арманға айналған ақын Томск қаласындағы мерзімді курсты аяқтайды. Оның шаһардағы өмірі таршылықта өтеді.

НӘТИЖЕ

Күңірейген көлеңкелі өмір тұсындағы Сұлтанмахмұт тағдыры

1917 жылы ақпанда Ресейде төңкеріс жеңіп, патшаның тақтан құлағынын жөніндегі қуанышты хабарды Сұлтанмахмұт Томск қаласында естиді. Ол алыстағы досына мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік. «Қараңғылық тұманы сейіліп, ел өмірі өзгеріске түскен заманда халқыммен бірге боламын” – деп жазады. Сөйтіп наурыздың онында Семейге келеді. Бұл кезде жер-жерде облыстық комиссия ұйымы құрылып жатқан. Торайғыров Семейдегі комитеттің кіші хатшысы болып қызмет атқарды.

Жазда Орынборда бүкіл Қазақстандық съез өтіп онда Алаш партиясы құрылады. Ұлттық автономия құруға ұмтылған қазақ зиялыларының талайдың талпынысына Сұлтанмахмұт үн қосады. Алайда комитеттің бастығы Райымжанмен келісе алмай, көп ұзамай жұмыстан шығады.

1918 жылдың сәуірі Семейдегі дәрігерлерге көрініп, ауырының оңалмайтынына көзі жеткесін, туған жері Баян тауына қайта оралады. Ақын сырқатын ешкімге білдірмей газет-кітаптарға қарайды, жазып жатады. Әйтеуір қолынан қаламын тастамайды.

Бұл Сұлтанмахмұттың ауылдағы Малика аруға деген іңкәр сезімі. Оны жән-тәнімен сүйеді. Бар сырын Маликаны оқытып жүрген әрі әкесін білетін досы Шерниязға баяндап хат жазады.

“Мен Маликаға ғашықпын. Тағдырым, жаным сенің қолыңда. Не жан бер, не түрелт, не өлтір. Шала жансар етпе мені. Сенің қолыңнан келіп тұр”.

Малика оқыған, ақжарқын, тәрбиелі биязы қыз болады. Екеуі бірін-бірі сүйеді, ғашық болады. Семейдегі Алаш қайраткерлеріне хат жазғанда Сұлтанмахмұт айтады: “Менің Маликам бір сондай ғажап періште сықылды, сендердің бар жиған-тергендерінді менің Маликам үшін беретіндей ғажап қыз”- деп оны әлпештеп, сомдаудың шыңына шығарып қояды. Бірақ өмір сапарының ұзақ емесін түсінеді, өкпе ауруы меңдеп бара жатыр, өлетіндігін сезеді. Сондықтан ол қосылу жолына түсуді жөн санамай, тайсалып тұрады. Қыз тығдырының обалына қалудан қорқады. Алайда, өмір бойы осы қызды сүйдім деп айтып кеткен.

1919 жылдың қара күзі Сібірде қызылдар кереекүге келді дегенді естіп, ауырып жатқан жас ақын жолдастарға жолығамын деп ат жалдап екі жүз шақырым қалаға аттанады. Сол жерге барғаннан соң Сұлтанмахмұтқа «Ревком» қызметін ұсынады. Асқынған дертті ұлы ақынымыз ажал теңізінің сүнгуіріне түсуге санаулы айлар қалған еді...

Күн жылына бастаған сәттерде Сұлтанмахмұт жүру-тұрудан қалады. Өзінің қалауымен әкесінің киіз үйін бір төбешікке тігіп паналап, ағайындарырың кезек күзетінде болды. «Дала мен қала ақынының айтысын» жаза бастаған бірақ одан әрі жазу мүмкіндігі болмайды. Өзінің жазған «Кім жазықты?» романында қайта қарауға ұмтылады да алайда асқынған дерт ол әрекетіне де мүмкіндік бермейді. Бір күні Сұлтанмахмұт күрт оянып кетеді, ояна сала «Түсімде Маликаны көрдім. Жаным, сені сүйемін десем үнім шықпайды. Ол да менен көзін ала алмайды» - деді де әлсіреп қалды. Шерниязды оңаша шығарып алып Шоқыт пен шешесі Бибішке түсін айтып беріп Маликаны шақырайық дейді. Мүмкін, айығар. Қыз кіргенде Сұлтанмахмұт талтүсіп жатыр еді. Бірақ есін әбден жиып, өңі екенін білгенде ақырын ғана «Қош келіпсің, шамшырағым, жаным» - деді. Бұл 1920 жылдың 21-мамыры еді...

Ұлы ақынның ғашығы, сүйіктісі, Баян ауылдағы қазақ мұғалімі Малика да 1932 жылы ауыр науқаспен сырқаттанып өмірден озады.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірінің өзі үлкен үлгі мектебі. Күнірейген өмірдің көлеңкелі тұсында ғұмыр кешкен жазушымыз тағдырына зарланумен өтпей, жиырма жеті жылдың ішінде еліме еңбегім сіңсін, халқымның болашағы жарқын болса екен деген аңсаумен, барын салып еңбектенді. Ал шығармашылық жолы арқылы

көкейтесті мәселелерді қозғап, қоғамда орын алып жатқан көңілсіз жағдаяттар мен шытырман оқиғаларға толы болған ұлт тағдыры жайлы жаны жай таппай қолындағы қаламы арқылы қарсы күрестен шаршамады. Бір ауыз қарсы сөз айтқан кезде тілімнен немесе жанымнан айырылып қалар ма екенмін деген үрей үстіндегі заманда, Сұлтанмахмұт қаншама сынап-мінep өлеңдер жазды, романдары арқылы ащы шындықтарды айтып, ұлты үшін жанын тігіп, тайсалмастан сауатты болашақ, саналы ұлт болуды көздеді. Өзгеге ұқсамайтын ерекше әлем иесі болған – Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ әдебиеті тарихында өшпес із, ұмытылмас мұра, саналы ғұмыр қалдырды. Ертеңін ойлаудан бұрын, өткенді саутауды жөн көрген топтардың текетіресі мен қарым-қатынастағы қақтығыстардың өз мүддесі үшін ешкімді аямаған қаныпезер болған бүлікшілерді өз шығармашылығының шоқтығына шығарып жырлаған ақын-жазушыларымыздың қатарына ең жас әрі талантты жазушы болып мәңгілікке өз орнын ойып тұрып алды деуге болады. Руханияты өте күшті әрі мықты екенін өмірінен-ақ көруімізге болады. Ауру аяғынан қанша шалса да, ауруға өзін тапсырып қоя салмай, шамасы жеткенге дейін, барын салып шығармашылық пен айналысып ұрпаққа үлгі мұра қалдыруға деген ұмтылысы зая кеткен жоқ.

Ол кезеңдегі жағдаяттарды, қоғам қақтығыстарын, жариялап та жасырын да жазудың өзі мүшкіл еді. Өйткені халықтың миын улап жатқандар қатарына жатқызып, “Халық жауы” атандырып атылып кетуі де ештеңе емес болатұғын. Осындай қиын-қыстау кезеңде көркем сөздермен, бейнелеу оңай емес шаруа еместұғын. “Адасқан өмір” атты шығармасында да ол нағыз өмірлік дүниетанымды көрсете білген. Өз өмірінің көрген-білгені жөніндегі түйіндеме деп айтсақ та артық айтқандық болмас. Өлеңдері арқылы да нағыз шынайылықтың шыңына шыққан шығармашыл жан деуге болады. Асыра сілтеп жазған түгі жоқ. Қарапайымдылықтың басымдығы, көркем бояушылдықты өз мәресіне жеткізіп жазуда әр қандай қаламгердің қаламынан сәтті шығуы екі талай дүние. Жаратқан оған аз ғана ғұмыр берсе де, саналы ғұмырмен сыйлаған екен. Осы тұста Серік Қирабаевтың мына сөздері дәл келетін секілді: “Сұлтанмахмұт шын мәнінде осы сөзге татитын ақын. Ол көп жабының бірі емес, от болып жанып кеткен, құйрықты жұлдыздай ағып түскен тұлпар талант еді. Сондықтан Сұлтанмахмұт есімі қазақтың жыр дариясын құрайтын үлкен, асау арналы өзеннің бірі болып қала бермек. Ол халық жүрегінен құрметті орын алады”

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. (С. Торайғыровтың әдеби шығармаларына шолу) – Алматы, 1966.
2. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. (С. Торайғыровтың өмірі мен творчествасына арналған тарау берілген).
3. Тұрбеков А. Қазақ әдебиетінің тарихы.
4. Педагогикалыш институттар мен университетін, филология факультеттерінде сырттан оқитын студенттер үшін курс жұмыстары. Нарымбетов Ә. – Алматы, 1966 жыл.
5. Әбілов Д. Сұлтанмахмұтқа. (Өлеңдері) Әбілов Д. Уақытпен сырласу. – Алматы, 1966 жыл.